



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№7 (112)
Қазан, 2021 жыл



Құрметті әріптестер, профессор-оқытушылар, білім саласының ардагерлері!

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, ізгілік қасиеттерін бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сіздер берген тағлым ел болашағының ұлы мұраты, ұлттық болмысымыздың бастауы, сондықтан осы қызметіңіз елдің болашағы үшін өте маңызды.

Соңғы уақыттары университетімізде көптеген ізгі жұмыстар қолға алынып, студенттердің алаңсыз білім алуларына барлық жағдай жасалынып келеді. Ал биылғы жаңа оқу жылынан бастап университет жанынан 10, 11 сыныптар үшін дарынды ер балаларға арналған «Ұстаз» мектебі ашылып, өз жұмысын бастады. Онда жоғары санатты, тәжірибесі мол профессор-оқытушылар дәріс беруде. Бұл да еліміздің жастарына қазіргі таңда жаңаша бағыт беру мен тың идеяларды іске асыру жолында қолға алынып отырған жаңа бастама.

Университетімізде атқарылып жатқан игі бастамалар мен студенттер жеткен жетістіктердің барлығы да әрбіріңіздің білім мен ғылымға қосқан өлшеусіз үлестеріңіз деп білемін. Міне, ұстаздық жолда ізденіс пен ғылымды дамытуда атқарылар жұмыстар жыл сайын өз нәтижесін бере бермек. Сіздерге осы адал еңбектеріңіз, өз істеріңізге деген сүйіспеншіліктеріңіз бен табандылықтарыңыз үшін алғысымды білдіремін!

Мерейлі мереке қарсаңында барлығыңызға толағай табыстар мен ғылыми үлкен ізденістерге толы жетістіктер тілеймін. Дендеріңіз сау болып, еңбектеріңіздің жемісін көріп, жүздерің қашан да шаттыққа толып, жанұя бақытына кенеле беріңіздер. Мәртебелеріңіз асқақтап, абыройларыңыз арта берсін! Еліміздің ертеңі нұрлы, аспаны ашық болсын!

**«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы-ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы**

ЕКПЕ АЛҒАНДАРҒА НОУТБУК ТАБЫСТАЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ұжымдық иммунитетті қалыптастыру мақсатында «Вакцина ал да ұтыс ойынына қатыс» акциясы өткізілген болатын.

Ұтыс ойынының нәтижесінде 50 студент жатақханаға орналасу үшін 50 пайыздық жеңілдік, 49 студент шет тілін үйрететін тегін курсқа қатысу жолдамасын ұтып алды. Ал 30 студент Нұр-Сұлтан қаласына тегін саяхаттайтын болды. Сондай-ақ, 3 студент оқу ақысына 30, 50 және 100 пайыздық жеңілдік және 5 студент ноутбук иегері атанды.

20 қыркүйекте аталған конкурста ноутбукке ие болған 5 студентке сыйлықтар

табысталды.

Ұтыс иегерлері журналистика мамандығының 3 курс студенті Нұркенқызы Лашын, мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 1 курс студенті Ищин Алексей, көп тілді білім беру факультеті студенті Ақылбайқызы Аяна, филология мамандығының 3 курс студенті Темірғалиева Назерке, шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 4 курс студенті Сайфулла Аружан. Жеңімпаздар конкурсты ұйымдастырған университет басшылығына жүректен тілектерімен рахмет айтып, қуаныштарын жасырмады.

Студенттері шын жүректен құттықтаймыз!



БАСТЫ МАҚСАТ – БІЛІМ САПАСЫН БІРЛЕСЕ КӨТЕРУ

Қай уақытта болса да қоғамдық дамудың басты кепілі білім беру саласы екені бәрімізге анық. Бәсекеге қабілетті жас мамандарды дайындауда ЖОО-ларда берілетін білімнің сапасы маңызды.

Осы негізде 16 қыркүйек күні академиялық мәселелер жөніндегі проректор Асхат Ералыұлы edunavigator.kz продукт менеджері Тимур Бектұр, BTS education бизнесті дамыту бөлімінің жетекшісі Дәулет Айтмаханов, BTS education бизнесті дамыту бөлімінің менеджері Ануар Дильмагамбетовпен кездесті.

Кездесудің басты мақсаты университетіміздің білім сапасын

көтеру, соның ішінде педагогикалық мамандықты бітіретін түлектердің нарық талабына сай дағдыларға ие болуын қамтамасыз ету, сонымен қатар Атырау өңірінің жаңа мамандықтар атласын жасақтау, университет базасында облыс бойынша IT орталықтарын ашу сынды сұрақтар талқыланып, ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ, білім бағдарламалар сұранысына зерттеу жасау арқылы ерте кәсіби бағыт бағдар беру мәселелері де назардан тыс қалмады.

Өңіріміздегі білім сапасын көтеру мақсатында бұл кездесу алдағы уақытта жалғасын тауып, болашаққа үлкен жобалар жоспарлануда.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА

ҚР президенті Қ.Қ.Тоқаев Қоғамдық сенім ұлттық кеңесінің екінші отырысында мүгедектерді қолдау мен жұмысқа орналастырудың тиімді жүйесін енгізуді тапсырған болатын.

Осыған орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кітапханасында зағип және нашар көретін студенттердің білім беру процесіне қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында оқу машинасы орнатылып, іске қосылды.

Бұл жабдық кітаптар мен құжаттарды немесе мақаланы бірнеше секунд ішінде сканерлеп, жоғары сапалы дауыспен оқу мүмкіндігіне ие.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мүмкіндігі шектеулі жастардың жоғары білім алуына жағдай жасалуда.



ЖУРНАЛИСТЕР - РЕКТОР КУБОГЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен факультет аралық «ЖАЙДАРМАН» ойындарында, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің «ЖУРНАЛИСТЕР» құрамасы бас жүлдені иеленіп, Ректор атындағы кубокты жеңіп алды. Университетте ұйымдастырылған жайдарман ойындарында үздік ойын көрсетіп, белсенділік танытқан факультет командасы көрерменнің көңілінен шықты.

Әділ қазы алқасы: «Нағыз талантты команда. 1 курс болса да, шынайы өнердің үлгісін көрсетті», деп жоғары бағасын берді. Сонымен қатар, «журналистика» мамандығының I курс студенті, команда капитаны Өмірзақов Фархат «үздік ойыншы» атанды. Факультеттің профессор-оқытушылар мен студенттерін жеңіспен құттықтаймыз!

СӘУЛЕ ЖАНПЕЙІСОВАНЫҢ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ ӨТТІ

24 қыркүйекте Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті музыка және өнер кафедрасы студенттеріне қазақстандық дәстүрлі ән өнерін насихаттаушы әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Дарын мемлекеттік сыйлығының иегері, Филология ғылымдарының кандидаты Сәуле Стаханшылқызы шеберлік сабағын өткізді.

Кездесуде Сәуле Стаханшылқызы дәстүрлі музыка өнері мамандығының студенттерінің сахна мәдениетін меңгеру деңгейі, әнді нақышына келтіре орындау, домбырада ойнау шеберліктеріне назар аударып, өз әжірибесінен пайдалы кеңестерімен бөлісті.

Алдағы уақытта оларға өнер жолында сәттілік тілеп, өз жолдарын табуына тілектестік білдірді.



ЖАРЫС ЖОЛЫНДА- ЖЕЛҒАҚТАР

15 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында экономика және құқық факультетінің ұйымдастырумен 1 курс студенттерінің арасында кросстан жарыс өткізілді.

Нәтижесінде ұлдар арасында жарыста құқықтану мамандығының студенттері оза шапты. Атап айтсақ, 1 орынды Ізбасар Жанболатов, 2 орынды Жансерік Қайратұлы, 3 орынды Ильяс Қанатов иеленді.

Қыздар арасында 1 орынды Бизнес процесстерінің есебі, аудиті және талдау мамандығының студенті Айназ

Мағзомова иеленді. Ал, 2 орын экономика және мемлекеттік басқару мамандығының студенті Шұғыла Шайдоллаеваға бұйырса, 3 орынға экономика мамандығының студенті Динара Ерімбетова ие болды. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз.

Тәрбиелік шараның ұйымдастырушысы тәрбие жұмыстары жөніндегі декан орынбасары А.Қ. Масалимоваға, факультеттің жауапты жаттықтырушысы Р.А.Абигалиевке және топ кураторларына шығармашылық жетістіктер тілейміз.



СПОРТ ШЕБЕРЛЕРІ ҰСТАХАНАСЫ

Бүгінгі таңда спорт мамандарын даярлау саласындағы ғылыми мәселелерді өз бетінше шешіп және іске асырып, спорт индустриясында терең және заманауи білімі бар педагогтар мен жаттықтырушыларды әзірлеу үлкен маңызға ие. Әсіресе өңірлерде таланттарды ашуда жергілікті мамандардың біліктілігі үлкен роль ойнайды. 70 жылдан астам тарихы бар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті бұл салада үлкен жетістіктерге жетіп жүр.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында бұқаралық спортты дамытуға үлкен көңіл бөлген еді. «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаттары арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы тиіс. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз. Бұл бағыты заңнамалық тұрғыда жалғастырып, бұқаралық спортты дамытуда кешенді бағдарлама қабылдау керек», – деді Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында. Яғни, балабақшадан жоғары оқу орнына дейін барлық білім беру саласында спорт мамандары мен педагогтерге артылар жүк пен жауапкершілік үлкен.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті еліміздегі спорт мамандарын дайындайтын алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі. Білім ордасы қабырғасында білім алып, жаттығып, шеберліктерін шыңдаған көптеген спортшылар әлемдік додаларда топ жарып жүр. Бұл бір күнде жасалған нәтиже емес, бұған көптеген жылдар бойы қалыптасқан дәстүр мен тәжірибелер арқасында қол жеткізілді. Еңбек пен ерлікке толы өткен жылдарға көз жібертейік, құрыштай шыныққан шеберлерімізді атап өтейік.

ҚР-нан КСРО-ның алғаш спорт шебері Ысқақов Джурес – университетіміздің Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі болған, соғыс ардагері, соғыстан кейін 1954–1962 жылдар арасында еркін күрестен Қазақстанның 6 дүркін чемпионы, КСРО спартакиадасының жеңімпазы. КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, Токиода өткен XVIII жазғы Олимпиада ойындарында КСРО құрамасының сапында болған белгілі желаяқ Әмин Тұяқов – 1960 жылғы университетіміздің физика-математика факультетінің түлегі. Ескек есүшілер, Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, Қазақстан біріншілігінің жеңімпаздары, Атлантада өткен XXVI жазғы Олимпиадасына қатысушылар Сафарян Андрей, Гадиятуллин Ильфаттардың өнеріне әлем тәңті болған еді. Университеттің 1993 жылғы түлегі, еңбек сіңірген спорт шебері Болат Темиров бокстан КСРО спартакиадаларына қатысып, талай жеңіске жеткен-ді. Атырау облысының спорт басқармасының басшысы, дзюдо күресінен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, XXIX Бейжің және ХХХ Лондон жазғы олимпиада ойындарына қатысушы Ринат Ибрагимов, таэквандодан XXIX Бейжің жазғы олимпиада ойындарының қола жүлдегері Чилманов Арман да университетіміздің түлектері. Парадзюдодан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, XV Рио-де-Жанейро жазғы Параолимпиада ойындарына қатысушы, 2021 жылғы Токиода өткен Параолимпиаданың күміс жүлдегері Сариев Ануар білім ордамызда тәрбие алып, 2019 жылы аяқтады. Оның жеке жаттықтырушысы, халықаралық жарыстарда талай шәкірті жүлде алған Жандос Қиянов та осы университеттің түлегі.

Сонымен қатар командалық спорт түрлерінен университетімізде құралған қыздар футбол құрама командасы Шағала КСРО батыс аймақ зонасында жоғары ойын өрнегін көрсетті. Университетіміздің ерлер студенттер баскетбол құрама командасы 2017–2018, 2018–2019 жылғы ҚР-ның студенттер лигасының жеңімпазы атанды.

2019 жылғы 24–30 қыркүйек аралығында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде алғаш рет Каспий маңы мемлекеттерінің университеттер ассамблеясы аясында VI Универсиада өткізілді. Додаға Иран, Әзербайжан, Ресей және Қазақстан елдерінен 15 университет қатысты. Универсиадада студенттер

футбол, баскетбол, шахмат, жеңіл атлетика, каратэ, жүзу, бокс, дзюдо, үстел теннисі және қазақ күресі сияқты спорттың 11 түрінен күш сынасты. Сонымен қатар, Қазақстанның ЖОО арасында 2 жылда бір рет өтіп тұратын универсиадаға студенттеріміз тұрақты қатысып, жүлдегерге тұрақты ие болады. 2019 жылы Ақтөбе қаласында өткен X жазғы универсиадада университеттің самбо құрама командасы жалпы есепте II орын, ал дзюдо командасы III орын иеленді. 2019 жылы университет жалауы Алматы қаласындағы 4376 метр биіктіктегі Нұр-Сұлтан шыңына да көтерілді.

Сондай-ақ, университеттің заманауи жабдықталған «Жайық» спорт кешенінде спорттың әр түрінде әлемдік, құрлықтық және Қазақстан чемпионаттары жиі өтіп тұрады.

Бүгінде еліміздің намысын әлемдік аренада қорғап жүрген студенттерімізге де тоқталайық.

2 курс студенті, каратэден жастар арасында Әлем және Азия чемпионы Әбілмансұр Батырғали ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің 2019 жылғы қортындысы бойынша «Үздік жас спортшы» атанды. 3 курста оқитын Саясатов Еламан – Тай боксынан Әлем және Азия чемпионы, Дүниежүзілік студенттер ойының жеңімпазы (FISU). Тағы бір шәкіртіміз Амангелді Ермек дзюдо күресінен Азия чемпионатының, Азия ойындарының жүлдегері Европа кубогінің иегері. Паратаэквондодан Әлем және Азия чемпионы, ашық Европа чемпионатының жеңімпазы Нұрлан Домбаев жақында Токиода өткен параолимпиадаға барып, финалда өнер көрсетті. Еркін күрестен жастар арасында Әлем және Азия чемпионаттарының жүлдегері, ҚР-ның X жазғы ЖОО универсиадасының жеңімпазы Талғат Сарбаздан күтер үмітіміз зор. Жауынгерлік самбодан Әлем чемпионатының жүлдегері, Азия чемпионы, ҚР-ның бірнеше чемпионы Серикжан Түсіпов, Бокстан жастар арасында Азия чемпионы, ҚР-ның чемпионы Аманат Сабырғали, самбодан қыздар арасында Әлем чемпионы, дзюдомен Самбодан ҚР-ның чемпионы, ҚР-ның X жазғы ЖОО универсиадасының жеңімпазы Сайда Қапсалиқова, Самбодан Азия чемпионы, Әлем кубогінің жеңімпазы, ҚР-ның бірнеше чемпионы, Х жазғы ЖОО универсиадасының жеңімпазы Жұмабай Парасат еліміздің туын әлемдік додаларда абыроймен көтеріп жүр.

Қазіргі таңда университетіміздің 35 студенті әртүрлі спорт түрінен Қазақстан құрамасына кіреді. 11 студентіміз халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 37 студентіміз ҚР-ның спорт шебері, 50 студентіміз спорт шеберіне үміткер және 70 тей студенттеріміздің спорттық разрядтары бар.

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасында бұқаралық спортты дамытуға басымдық берілген. Партия алдағы бес жылға арналған өз жоспарын ұлт денсаулығын нығайтуға, халықты бұқаралық спортпен айналысуға бағыттайтын болады.

Осыған байланысты, университетте қызметкерлерді саламатты өмір салтына баулуға, спортпен шұғылдануына үлкен мүмкіндіктер бар. Жыл сайын факультеттер мен құрылымдық бөлімдер арасында Ректор кубогі үшін дәстүрлі спартакиадалар өтіп тұрады. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы бұдан басқа қалалық және облыстық жарыстарға да қатысып тұрады. Университеттің ардагерлер футбол командасы кіші аяқ добынан облыстық чемпионатта өнер көрсетіп, жүлдегерлер санатында жүр.

Жыл сайын университет спорттық құралдармен және спорттық формалармен, спорт залдарына арналған жабдықтармен толықтырылады. Жоғары білікті спортшылар жыл бойы түрлі жарыстар мен оқу-жаттығу жиындарына шығады. Спорт клубының белсенді қатысуымен университеттің материалдық-техникалық базасы біртіндеп жаңартылып отырады. Яғни, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде спорт мамандарын даярлау саласындағы сұранысты қанағаттандыруға, дене тәрбиесі пәні бойынша білікті педагогтер дайындауға барлық жағдай жасалған.

Рафаэль ХАБИРОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің оқытушысы

ПЕДАГОГТІК МАМАНДЫҚТАРДЫ ТАҢДАУШЫЛАР САНЫ АРТТЫ

1 қыркүйекте Білім күнімен қатар келген ҚР Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында пандемиядан кейінгі экономикалық даму, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылық саласы, адам құқығы мәселелерімен қатар, білім мен ғылымды дамытуға да тоқталып, біраз тапсырмалар берілді. Соның ішінде жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына үлкен жауапкершілікпен қарауы керектігі баса айтылып, педагогтардың мәртебесі мен әлеуметтік жағдайын көтеру бағытында жұмыстар жалғаса беретіндігі мәлімделді. Мемлекетіміздің бұл ұстанымы педагогикалық бағыттағы оқу бағдарламаларын таңдаған талапкерлер санын арттырып отыр.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қабылдау комиссиясы 2021 жылғы қабылдау жұмыстарын толықтай аяқтады. Қабылдау науқаны қорытындысы бойынша 2021–2022 оқу жылына барлығы 2536 білім алушы 1-курсқа қабылдады, оның ішінде 2413-і бакалавриатқа, 123-і магистратураға түсті. Бакалавриатқа қабылданған 2413 студенттің 240-ы мемлекеттік грант, 85-і жергілікті әкім гранты, 2088-і ақылы. Магистратураға қабылданған 123 магистранттың 67 мемлекеттік грант, 56 ақылы. Бұл сан өткен жылмен салыстырғанда 27%-ға артты. Бір айта кететін жайт, 37 «Алтын белгі» иегерлері біздің университетімізді таңдады.

Елімізде педагог мәртебесін көтеру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде «болашақта мұғалім боламын» дейтін жастардың санымен бірге сапасы да артып отыр. Мысалы, мемлекеттік грант негізінде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» білім бағдарламасына түсіп отырған 35 студенттің ұлттық бірыңғай тестілеудің орташа балы – 104, «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім бағдарламасы бойынша орташа балл – 100, «Физика пәні мұғалімі» білім бағдарламасы бойынша орташа балл 90-ды құрады. ҰБТ қорытындысы бойынша 140 балл жинаған талапкер Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Физика пәні мұғалімі» білім бағдарламасын таңдағанын қуанышпен айтуға болады.

Жолдаудағы Сапалы білім беру деп аталған бөлімінде сапалы білімді қамтамасыз етудің бір жолы – мұғалімдерді әлеуметтік қолдау екені аталып өткені белгілі. Осыған орай, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті педагогтарды қолдау мақсатында 2020 жылдан еңбекақыны көтеру жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, 2020 жылғы ақпан және қазан айларында педагогтардың жалақысы өсті. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап университет профессор-оқытушыларының еңбекақысы тағы да өскелі отыр. Бұл жұмыстар Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен жоғары оқу орындары педагогтарын әлеуметтік қолдау бойынша іске асырылуда. Университет өзінің қаржылық мүмкіндіктеріне талдау жасап, 2021–2022 оқу жылында оқытушылар еңбекақысын қомақты көтеруді іске асырады. Мысалы, өткен оқу жылында оқытушының еңбекақысы 125 мың шамасында болса, енді 202 мың теңгені құрайтын болады. Ал аға оқытушылар өткен жылы 143131 теңге болса, енді 230 000 болмақ. Ғылым кандидаты 157 156 теңгеден 260000 болып өсетін болады. Ғылым докторы, профессор 194454 теңгеден 330000 теңгеге көтерілді. Әлеуметтік қолдау жұмыстары білім сапасының артуына да ықпал етері сөзсіз.

Биылғы оқу жылындағы өзекті мәселенің бірі – студенттерді жатақханамен қамту. Атырау университетінде жаңа оқу жылына барлық оқу корпустары, оқу аудиториялары және жатақханалар толықтай дайын. Тамыз айында Атырау облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті университеттің жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, оң бағасын берді. Студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін университет аумағы, оқу аудиториялары толықтай бейне камералармен жабдықталған. Университет аумағына Ashuq қосымшасы арқылы «жасыл» немесе «көк» мәртебесі бар білім алушылар, сондай-ақ «жасыл» мәртебесі бар педагогтер мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларында айқындалған тәртіпке сәйкес жіберілуде. Оқу корпусының әр қабатында студенттер арасында сырқат студент анықталған жағдайда іс-әрекет алгоритмі ілінген.

Университетте 1240 орындық 3 жатақхана бар. Студенттер тапсырып түскен өтінімдер толық қанағаттандырылды. Биыл алғаш рет Platonus ақпараттық жүйесінде «Жатақхана» модулі іске қосылды. Студенттеріміз жатақханаға өтінімді онлайн беруге мүмкіншілік алды. Бұл процедураны онлайн жасау арқылы студенттерге ыңғайлы жағдай жасау және жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мүмкіншілігі туды деуге болады. Студенттердің жатақханаға келуін бекітілген кесте бойынша, яғни курс бойынша ұйымдастырылды. Жатақханаға орналасу үшін 1 курс студенттері, тұрғылықты жері өзге елде, облыста немесе басқа алыс аймақта орналасқан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы отбасы, аз қамтылған отбасы және тағы басқа жеңілдетілген жағдайлар көрсетілген білім алушыларға басымдылық берілді.

2021–2022 оқу жылында барлық курс студенттері үшін оқу үдерісі аралас форматта басталып кетті. Дәстүрлі үлкен аудиторияда өтетін дәрістер онлайн форматқа ауыстырылып, семинарлар мен зертханалық, практикалық сабақтар офлайн жүргізілуде.

Университет сайтында және Platonus (asu.edu.kz) ақпараттық жүйесінде 1 курс студенттеріне арналған «Сұрай-сұрай» ақпараттық кітапшасы қол жетімді.

Университет білім алушылармен және ата-аналарымен кері байланыс орнату бойынша да жұмыстарды тиісті деңгейде ұйымдастыруда. Жаңа оқу жылының форматы, академиялық ұтқырлық, кітапхана жұмысы, анықтама алу және т.б. сұрақтарға тиімді жауап алу үшін студенттерге арналған call-орталықтар мен виртуалды қабылдаулар жұмыс жасауда.

Осылайша, Халел Досмұхамедов университеті сын-тегеурінге толы жаңа оқу жылына толықтай дайын. Барлық тәуекелдер алдын ала зерделеніп, әрекет ету алгоритмдері әзірленді. Барлық саниарлық талаптарды сақтай отырып, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру саласындағы сан жылдар бойы қалыптасқан дәстүрімізді жалғастыра береміз деп сеніммен айта аламыз.

Асхат ШҮКІРОВ
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
академиялық мәселелер бойынша проректоры м.а

БІЗДІҢ ТЕҢДІК АҒАЙ

Замандастары журналистика саласының абызы атап кеткен Теңдік Жауырұлы туралы еске алып, алдынан дәріс алған шәкірттерінің бірі ретінде көңілге түйген естелігіммен бөлісуді ойға алып жүр едім. Өзінің шыңына шығып үлгерген ұстаздың аласармайтын биіктігі жөнінде жазарда әп дегенде тосылып қалғаным рас. Өйткені, арда ұстаздың көзін көріп, бір қазанда қайнаған жолдастары, әріптестері сыршыл естеліктерін баяғыда-ақ жазып қойған. Мектептен жырақтап университет көрсек «болып-толып қаламыз» деген арман-шыл менің, Теңдік ұстазға деген ерекше ілтипатым сақталып қалатынын сезген де жоқпын.

Қаламгер ұстаз, ардагер журналист ретінде ол кісіні өз әріптестерінен, қатарластарынан шоқтығы биік, үлкен жүректі ұстаз деп білемін.

Мектеп бітіргеннен кейін Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің журналистика бөліміне оқуға түсіп, студент атандым. Қызығы мен шыжығы мол студенттік өмірге аяқ бастық.

Уақытында, қазақ әдебиеті кафедрасының жанынан журналистика бөлімінің ашылуына түрткі болған Теңдік ағайды да алғаш рет осы оқу орнының аудиториясында көріп, таныстым. Папкасын қолтығына қыса ұстап, жай басып келе жатқан кейбі, көзілдірігінің астынан сүзіле қарап, киіміне шаң жұқтырмайтын сырбаз қалпы әлі есімде.

Ұстазымыздың қаламы қарымды журналист болғанын, облыстық басылымдарда басшылық қызметтер атқарғанын да кейін білдік. Жастықтың буымен, ұстазымыздың сөздерін жүре тыңдап, енді кейбірін ескермедік. Мұның бәрін кейін өмір жолында, әкем айтқандай «басымызға тарс етіп тиген қиын кезде» ғана түсініп, сезініп жатамыз.

Ағай алдындағы шәкірттерін аламай, құдды бір өз балаларындай жанашырлықпен қарайтын. Сабаққа құлқы жоқ студенттердің өздері ағайдың алдында қысылып, жауапкершілікті сезінетін едік. Ол кісінің көзінен «оқыңдар, адам болыңдар» - деген сөздерді оқығандай болатынбыз.

Дәрісін тұшына тыңдап, сабағына қызыға қатысатын ұстаздың бірі де бірегейі осы Теңдік ағай болатын. Ағайдың сабағынан шабыттанып шығушы едік. Студенттермен тіл табысып, қамқор болу Теңдік ағайға тән мінез еді. Дәріс кезінде өткен-кеткен тақырыптарға шолу жасап, пікірімізді тыңдаудан жалықпайтын. Топтағы студенттер белгілі бір мәселелерге қатысты өзара дауласып, пікір қайшылығы туындағанда да ағай, әдетінен жаңылмай, әрқайсымыздың сөзімізді мұқият тыңдап, ортақ тоқтамға келуге жұмылдыратын.

Жауапкершілігі зор еңбек жолында байсалды мінезімен, терең білімімен, өнегелі ісімен де өз қолтаңбасын қалдырған тұлға. Ол кісінің ұжымдастарымен де жылы шырайлы қарым-қатынасын, сыйластығын көзіміз көрді. Ағай-апайлармен де арасындағы әзілдері жарасып жүретін. Қарапайым да



орнықты мінезі, ағайдың қадір-қасиетін биіктетіп тұратын еді.

Ағайдың жары Рахима апай өзінің естеліктерінде Теңдік ағайдың түлеп ұшқан отбасында «бір апасы, бір інісі, бір қарындасы бар» екендігін айтқаны бар. Ағай туғандары мен отбасына қамқор әке, жанашыр аға, аяулы іні болып, өзгенің де өзегінен теппейтін абзал азамат болды.

«Журналистік шеберлік» зертханасындағы кезекті бір дәріс кезінде «Привокзальный» деген сөзді «Вокзал маңы» деп қазақшалағаным үшін балаша қуанғаны көз алдымда. Өнебір, көңіл аударатындай дүние емес қой деп ойлағанымызбен, ол кісі тіліміздің шұбарланғанына жаны ауыратын. Сондықтан да тілге деген құрметі ерекше еді. Шәкірттерінің жылт еткен жетістігіне жүрегі жарыла қуанатын нағыз ұстаз да Теңдік ағай болатын. Тіліміздің мәртебесі орнықпай, тәуелсіз елдің де мәртебесінің артпайтындығын ұғындыруға тырысатын.

Саналы ғұмырын Атырау өңірінің баспасөз саласының өркендеуіне сарп еткен ұлағатты ұстаз - білікті мамандар даярлап, тәрбиелеу жолында аянбай тер төкті. Бұл күнде ұстаз тәлім алған шәкірттер журналистикамен қатар, басқа да салаларда іргелі істердің басынан көрініп жүр. Өз мамандығына шынайы берілген, адал да еңбекқор адамның алар асуы мен шығар биігінің асқақ боларын, ағайдың өмір белестері мен салған дара жолынан көреміз.

Алдынан тәлім алып, өнегесін көрген Теңдік ағайдың жарқын бейнесі жадымызда! Осындай айтулы тұлғаның алдын көріп, дәрісін тыңдағанымды мақтан тұтамын!

Соңғы бірер жылда университетте ағайдың сарқылмас қазынасы, қажырлы қызметінің жемісіндей, оның еңбектеріне арналған дәрісхана қайтадан жабдықталып ашылған екен. Онымен қоса Теңдік Жауырұлы атындағы шәкіртқағы да тағайындалып, студенттерді ынталандыруды да ұмытпаған. Бұл да ұстаз еңбегінің еленгені емес пе?

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - демей ме, аяулы жанның еңбектері әлі талай ұрпаққа азық, бағыт берер бағдарлам болары даусыз. Биыл Теңдік ұстаздың есімін қала көшелерінің біріне беру жөнінде мәселе көтерілген еді, бұл да басшылар тарапынан жедел шешімін тауып, ұстаз есімін ұмытпауға септесер еді деген ой бар.

Алмас ҚАБДОЛОВ

ҰСТАМЫ МЫҚТЫ ҰСТАЗ

«Мұғалімнің еңбегі – адамзат игілігімен астасқан өлшеусіз еңбек»
Қасым – Жомарт Тоқаев

Мемлекет басшысының қанатты сөзін қаперге алар болсақ, ұстаздық мамандықтың ұлықтылығы айқындала түскендей болады. Сондай-ақ, «ұстаздықты таңдағандар – қоғамдағы ең басты тұлға», - деп, шынайы баға беріп жатамыз. Ұстаздық мамандыққа бағыттап айтылғандай, Бөлтірік шешен: «Не сөйлейтініңді біл, кімге сөйлейтініңді біл, қай жерде сөйлейтініңді біл, қай кезде сөйлейтініңді біл, қалай сөйлейтініңді біл» - деп көрсеткен екен. Осы қасиеттердің бәрін терең ұғынған, студент – жастарға жан – тәнімен ұғындыра білген, қайраткер ұстаз Нұрзила Сарсенқызы деп білеміз. Тек, бір өкініштісі Нұрзила апайды өткен шақта еске алатынымыз.

Нұрзила Сарсенқызымен 2018–2020 жылдары аралығында, яғни екі оқу жылы бірге қызмет істедік, әріптес болдық. Нұрзила апай біздің «Педагогика» кафедра – лабораториясына мерейлі 70 жасқа толып келгенмен, өзін шебер ұйымдастырушы, парасатты педагог, ұлағатты ұстаз ретінде көрсете білді. Педагогика ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор болғандықтан, студенттермен етене араласып, 100 – 120 студент қатынасатын лектік залдарда дәріс оқып, әрбір топқа практикалық сабақтарын сапалы деңгейде өткізді.

«Педагогикалық мамандыққа кіріспе» пәні бойынша студенттер арасында педагогикалық байқау өткізіп, олардың 1 – курста оқығанына қарамастан біліктілігіне, іскерлігіне, дағдысына әділ баға беріп, болашақ мамандығына сүйіспеншілікпен қарауына бар жағдай туғызды.

Шетел тілі мамандығының 2 – курс студенттеріне биылғы оқу жылында «Педагогика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндерін жүргіздім. Бұл студенттерге 1 – курста Нұрзила апай дәріс оқып, практикалық сабақтарын жүргізген екен. Осы бөлімнің студенттері сабақ барысында Нұрзила апайды жиі еске алып, ол кісінің педагогикалық шеберлігін, өзін – өзі ұстау мәдениетін, сөйлеу әдептілігін, киім үлгісін, адамдармен қарым – қатынасын үнемі үлгі етіп отырды. Семинар сабағында бір студенттің: «Нұрзила апай мұғалім жүзден астам қызмет түрін білу керек деп айтты. Біз педагогикалық мамандыққа адал болуымыз керек», - деп жауапкершілікті сезіне сөйлегені бар.

2018 – жылдың 11 – қарашасында менің анам Әлия Хайроллақызы бақылық дүниеге озды. Қажелі күндеріне Нұрзила апай кафедра ұжымымен бірге келе алмады. Маған ештеңе деп ескертпей, зайыбыма телефон шалып, біздің үйге келіп, дұға



оқып, дастарханнан дәм ауыз тиіп шығыпты. «Айдарды күнде көремін. Бетіме шіркеу болып жүр еді. Енді дұрыс болды», - деген екен.

Ажалға қарсы тұрар шамамыз болмағандықтан, «Амандасар адамдармен тек күліп, Көрген емес, көңілінде кек тұнып, Елі үшін еміренген тұлғаның, - Келбетінен көргендейсің тектілік!» - дегеннен басқа қолымыздан не келеді?... Нұрзила Сарсенқызы рухыңыз риза болсын!

Пейіште нұрыңыз шалқысын!
Ұрпағыңызға, әріптестеріңізге шарапатыңыз тисін!

Айдар САБИРОВ
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің доценті.
Қазақстан Жуналистер
Одағының мүшесі



30 ҮЗДІК БАҒДАРЛАМА ЖАСАУ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУДА

Үстіміздегі жылы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен Дүниежүзілік банктің «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасын іске асыру жұмыстары басталды. Жоба аясында Педагогикалық ғылымдар білім бағыты бойынша 30 білім беру бағдарламасы әзірленеді.

Аталмыш жобаға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен жоғары балл жинаған 7 адам өтті.

27 қыркүйекте жобаның Педагогикалық білім берудің мазмұны мен формаларын жетілдіру аты екінші кезеңі басталды. Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Ляйля Ерболатқызы, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы Эльмира Махметқызы, «Информатика кафедрасының» қауымдастырылған профессоры Галия Айсакқызы, «Экология» кафедрасының меңгерушісі Мансия Санаққызы, «Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі Элеонора Досжанқызы, «Матема-

тика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институтының директоры Галия Қайдарқызы және топ жетекшісі, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Асхат Ералыұлы бастаған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің командасы Нұр-сұлтан қаласына жобаның екінші кезеңіне қатысуда.

Бұл бағдарламада белсенді оқытудың әртүрлі әдістері қолданылады (мысалы, төңкерілген оқыту, топтық диалог, бірлескен шығармашылықтың әртүрлі әдістері, рефлексияға арналған жазбаша тапсырмалар, сұрақтар, практикадан мысалдар, ми шабуылы, демонстрациялар, кеңестер және т.б.).

Оқытудың басынан бастап педагогикалық әзірлеушілер жобалық тәсіл арқылы оқыту процесіне тартылатын болады, ал кейіннен оқыту барысында олар студентке бағдарланған тәсіл дағдыларын меңгереді. Әзірленген оқу іс-шаралары 21 ғасырдың дағдыларын дамытуды қамтиды, ал қатысушылар оқытуда өздерінің кәсіби құзыреттерін дамытуға және талдауға тартылады.



«ҰСТАЗДЫҚ -ҰЛЫҚ ЕМЕС, ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ»

Ақын, жазушы, ұлы ағартушымыз Абай Құнанбайұлы атамыз: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан», - деген болатын. Шынында да ұстаздың артықшылығы оқушыға білім беріп қана қоймай, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіртіп, тіпті арманын айқын аңғарту жолында да өз үлесін қосатындығында деп білемін. Елді басқарған басшы да, әйгілі өнші де, еңбексүйгіш егінші де, ұлы ақын да, таны- мал жазушы да, ғалым да, шахтёр де – барлығы ұстаздың алдынан өтіп, ұстаздың алдында бас иеді! Ұстаз – мәңгілік өшпейтін, есеңгіремейтін ұлы есім. Бүгінге дейін ұстаз туралы толғанбаған, ұстазға шығармашылығын арнамаған жазушы, ақын, зерттеушілеріміз жоқтың қасы шығар. Осы орайда қазақтан шыққан атақты ұлы ұстаз, ғылым докторы, профессор, аз ғұмыр сүрсе де, келешек ұрпаққа талай дүниелер қалдырған Алма Қыраубайқызы апамыздың білім беру саласындағыларға, жасөспірім шәкіртті өмірге баулу, білімге тарту сынды асқан ауыр міндеттің жауапкершілігінде жүргендерге арналған «Жаным садаға» атты тамаша туындысын ерекше атауға болады. Кітапта «20 тоқтам» айдарымен ұстаздарға өмірлік ұстаным боларлықтай, мынандай қанатты сөздерін көрсетеді. Олар:

1. Кісі екеніне күмәнмен қараған баладан кісі шықпайды.
2. Оқушының кемшілігін көргіш болсаң, ықыласын өлтіресің. Жеңісін ізде.
3. Баланы таң қалдыруды ұмытпа. Даналыққа ұмтылу таң қалудан басталады.
4. Әр баланың өмір тіршілігі – өзінше бір тағдыр. Баланың тағдырына ой көзімен қара. Сабаққа келмесе, себебіне үңіл. Сабағыңа қызықпаса, себебіне үңіл. Тентек болса, себебіне үңіл. Себебін алдымен өзіңнен ізде, мұғалім.
5. Мұғалімнің өз сабағын білуі жеткіліксіз. Баланың жан дүниесін түсінбейтін мұғалім сабақ беруші ғана.
6. Баға құнды емес, бала құнды.
7. Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істеуі керек.
8. Әр бала өз мүмкіндігінің жоғары- төмендігіне қарамастан, өзінше бір ғажайып құбылыс.
9. Мұғалімнің мақсаты өз пәнін жақсы үйретуден көрі тереңіректе. Ол – адамды жасаушы адам.
10. Сабақ дегеніміз – мұғалім мен шәкірттің адамгершілік қарым – қатынасы.
11. Баланың мүмкіндігіне сенген мұғалім мен сенбеген мұғалімнің іс-әрекеті әр түрлі болмақ.
12. Көптің көзінше баланың кемшілігін бетіне баспа. Сеніп айтқан сырын шашпа.
13. Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиеттерін аша білу.
14. Сабақ үстіндегі тыныштыққа көп ізденіспен, еңбекпен ғана жетуге болады.
15. Мұғалімнің сөзі мен ісі жасанды емес, шынайы болуы – аса қажетті шарт.
16. Баланың ықыласын оята біл. Қолынан іс келетіндігіне сендіре біл.
17. Мұғалім мен баланың қарым-қатынасы қуанышты әрі пайдалы болсын.
18. Балаға сыйлы боламын десең, өзің баланы сыйла.
19. Қиын тақырыпты түсіндіре салып сұрауға асықпа, келесі сабақты қайта түсіндіруден баста.
20. Әр бала – халқының келешек тұлғасы.

«Жаным садаға» еңбегі білім үйретудің қилы тәсілдері мен ізгілікке баулудың жалпы адамзаттық бағыттарын білуде зор еңбегін тигізеді. Ұстаз болуға ұмтылған жас мамандарға және де болашақ педагогтарға бұл еңбекті оқу таптырмас қазына деп есептеймін. Тәуелсіздігімізді алып, мәртебебіміз биіктегелі Елбасымыздың тарапынан білім беру саласына, соның ішінде оқытушыларға көбірек көңіл бөлінуде. Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деген еді. Адам баласына тәрбие мен білімді қатар ұштастырушы, бала жанының бағбаны, ұлы қызметтің жүгін арқалап жүрген жандар қашанда зор құрметке лайық! Ұстаздарымыз ұлы қызметтің биігінен көріне берсін!

Жадыра НӘЖІБ
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті деканы тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ҰСТАЗЫМДЫ ҰЛҒИ ТҰТАМЫН



Ұстаз... Қандай қасиетті сөз десеңші. Адам баласының ізгі жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі осы бір ұлы есімнен бастау алады. Адамзат біткеннің жанына білім дәнін сеуіп, барша шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшыратын да қадірлі мұғалімнің. Өйткені, ұстаз дегенің білімді шәкірттің бойына дарытып қана қоймай, жамандықтан жирентіп, жақсылық атаулыны үйретіп, өмір сүре білуге тәрбиелейтін жан.

Ал, мен сөз еткелі отырған ұстаз, «Еңбек адамды қашан да бақытқа бөлейді» деген сөзді ұстанған, «адал еңбектің арқасында әр адам өз бақытын табады» деп келген ұлағатты жан, өз кәсібінің маманы,

педагогика ғылымдарының кандидаты Нұролла Мамбетұлы Мамбетов.

1991 жыл болатын. Ол кезде «Дене тәрбиесі және спорт» және «Спорт пәндері» кафедрасы өз алдына дербес «Дене тәрбиесі» факультеті болып жұмыс жасады. Кейіннен екі кафедра бірігіп атауы өзгертіліп, оған Нұролла Мамбетұлы кафедра меңгерушісі болды. Сол жылдары менің кафедраның лаборанты қызметін атқарып жүріп, еңбекке етене араласуыма осы бір ағайымның айтқан ақылы үлкен қолдау болғандай. Барлық саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған кең жүректі, адамгершілігі мол ұстазымыз өзінің ұжымының ортасында кім-кімді болсын көп жылдық тәжірибесімен, ақыл-кеңесімен бөлісуге дайын тұрады. Әсіресе, оқу үрдісіне қатысты жаңа бағдарламалар, күнделікті сабақ жоспары, профессор-оқытушылар құрамының жүктемелерінің қалай жасақталатынын үнемі бізге үйрете білді.


Ағайымыз кафедрадағы оқу әдістемелік жұмыстардың сапасын арттыруымен қатар оқу жүйесінің ғылыми бағытта жүзеге асырылуына да менің аса көңіл бөлуімді қадағалады. Кейіннен өзім де кәсіби білімді жоғарылату үшін сатылап әр түрлі курстардан өтіп, тәжірибе алмасу бағытында білімді жетілдіруге қызығушылығым артып, өзімнің осындай ұлағаты мол ұстазымнан үйренген іс-тәжірибемді одан әрі ұштастырып, оқытушылық қызметке ауысуды жөн деп шештім. Нұролла Мамбетұлынан сабақ өткізу бағытында көп нәрсені үйрендім. Сырт көзге сұсты көрінгенмен, адамгершілігі мол, ақжарқын ұстаздың бізге үйреткен ақыл парасатын айтып жеткізудің өзі қиын. Ол біреуге жақсылық

жасауға дайын тұрып, табиғат бойына дарытқан төзімділік пен қайсарлықтың арқасында шындалып, небір қиындықты жеңіп, алдына кесе көлденең тұрған бейнетті еңсерген азамат. Бұндай жандар әр сәт бағаланып, өз еңбегінің тәтті жемісін де татпақ. Тіпті, осы бір дара тұлғалы ұстаздың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі, ал күреске толы тағдыры болашаққа жазылған хаттай. Олай болса, нағыз ұстаз болу үшін табиғи дарынмен қатар, ізгілікті ізденіс ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. Алайда, «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек. Дүниедегі ең сыйлы адам да ұстаз. Қиындығымен қызығы бірге жүретін осынау мамандықтың шынайы иесі болу үшін өмір жолында көп қиындықтар қарсы тұрады. Өйткені, «Білім инемен құдық қазғандай» - демекші күнделікті сабағыңа жете дайындалып, жастарға білім мен тәлім – тәрбиені қатар ұштастыру, адалдыққа баулу, адамгершілік қасиеттерді олардың бойларына дарыту оңай шаруа емес. Сондықтан мені «Ұстаз бақытының сыры неде?» деген сұрақ толғандырады. Өзімнің ойымша, шәкірттері жиі іздейтін, сондай-ақ, әр шәкіртін өз баласындай аялай білген ұстаз ғана бақытты дер едім.

Осы тұрғыдан келгенде Нұролла ағай шынайы бақытты ұстаз! Ендеше, еліміздің әр тұқпірінен есіміңізді мақтаншып анытып, сізді іздеп жүретін, спорт саласында небір жеңістерге жетіп мерейіңізді биікке көтеретін шәкірттеріңіздің қатары көбейе бергей.

Айман ҚАЛДЫБАЕВА,
«Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының оқытушысы, магистр

ӨНЕГЕЛІ ҰСТАЗ ӨРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ



Уақытыңмен санаспай, бағытыңнан адаспай ұстаздық ете білу – бір ерлік. «Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана ұстаз бола алады» деп Қытайдың дана ойшылы Конфуций айтқандай, өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми зерттеу жұмыстарын таңдай білетін, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері, жүзінен күн нұрындай жылылық ескен, барлық ой мен қимыл – әрекетке ақылдың дәнін сеуіп, адамзат санасына нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі – Сағындықова София Зұлхарнайқызы!

Саналы да салиқалы ғұмырын білім беру, шәкірт тәрбиелеу ісіне арнаған ғалым-ұстаз, профессор, «Биотехнология» ғылыми-зерттеу орталығының директоры бүгінде абырой биігінде.

Мерейлі жасты бағындырған ұстазым Софья Зұлхарнайқызы –

Құрмет грамотасы, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ы.Алтынсарин атындағы төс белгілер, «Жоғары оқу орнының – 2011 жылғы Үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы, 2006 және 2018 жылдары мемлекеттік ғылыми стипендия иегері. Софья Зұлхарнайқызының бірнеше жылғы еңбектері баспадан шығып, ғылыми көпшілікке таратылды. Атап айтар болсақ, 200-ге тарта ғылыми еңбек, оның ішінде 4 авторлық куәлік, 7 алдын-ала патент, 4 инновациялық патент авторы. Сонымен қатар 9 кітап авторы, 3 монография, 5 электронды оқулық, 2 оқулық, 5 оқу-әдістемелік құрал, 3 оқу-әдістемелік нұсқау авторы. Осындай жетістіктерге жетуі Софья Зұлхарнайқызының ғылым жолындағы еңбекқорлығы, әр қолға алған жұмысына деген табандылық таныту.

Сонымен қатар кейінгі толқын жастарды тәрбиелеу, оларды сан қырлы педагогикалық қызметке баулу, үйрету бағытында да елеулі қадамдар жасауда 40 жылға жуық уақыт жоғары оқу орындарында Софья Зұлхарнайқызы білім, ғылым саласындағы бар білген-түйгенін, оқыған-тоқығанын өзінен кейінгі ізбасарларына үйретуден аянбаған.

Қазіргі уақытта оның көптеген үлгілі шәкірттері білім ұясында өзімен бірге ұстаздық қызмет атқарып жүр. Өйткені, шәкірттерінің ғылымның нағыз биігіне шығуында жетекшілік етіп, ғылыми мектебін қалыптастыра білді. Аспиранттар және магистранттар кандидаттық және магистрлік диссертацияларын микробиология, биология, экология бағыттарында сәтті қорғап шықты.

Білім мен ғылым саласында қоғамға тигізген пайдасы ұшан-теңіз. Жылдар бойғы бойыңызға жинаған мол тәжірибеңізбен шәкірттеріңізді білім, ғылым нәрімен сусындатар аяулы ұстазымның лайым білімді студенттер мен ізденуші-ғалым шәкірттері көп болғай!

Айман НҰРҒАЛИЕВА,
шәкірті,
Биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасының аға оқытушысы

ЕҢ АЛҒАШҚЫ ДИРЕКТОР



1940 жылы құрылған Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының тұңғыш директоры болып 1928–31 жылдары Алматы мал дәрігерлік техникумында, жұмысшы факультетінде, 1931–32 жылдары Ташкенттің жоспарлау-экономика институтында оқыған, 1937 жылы Москваның Г.М.Кржижановский атындағы мемлекеттік экономика институтын бітірген Әбді Бошынұлы Тұрсынбаев партия жолдамасымен келді.

Алғашқы директор бұған дейін Семей педагогикалық институтында проректор қызметін атқарған болатын. Атырау, Алматы қалаларындағы архив қорларынан табылған тұңғыш директордың жеке іс қағаздарына назар аударсақ 1940 жылдың 1-шілдесі күні өз қолымен толтырған автобиографиясында 1909 жылы бұрынғы Сырдария губерниясына (қазіргі Түркістан облысы) қарасты Түркістан қаласында туған. Әкесі Тұрсынбай Бошынұлы және оның әке-шешелері Тартоғай ауылында егіншілікпен айналысқан. Әкесі 18–20 жас аралығында етікші ағасы екеуі жұмыс іздеп Түркістан қаласына келіп, әр түрлі жұмыстар атқарып, Ақмешіт (Қызылорда) қаласының помещигі Ивановтың қарамағында ұзақ жылдар жәмшік болып жұмыс жасап, кейін Түркістан қаласына қоныс аударады. Әкесі болса қаладағы мал сатушылар арасында делдал қызметін атқарып, 1917 жылы қайтыс болған. 1918 жылы анасы балаларын алып туған-туыстары тұратын Тартоғай ауылына көшіп келіп, егіншілікпен айналысады. Сол жылдардың қалыптасқан қағидасы бойынша өз жанұясының, туған-туысқандарының сайлау құқығынан айырылмағанын, ақвардияшылар қозғалысына қатыспағанын, шетелге шықпағаны мен кетпегенін, қуғын-сүргінге ұшырамағандығын, 1940 жылдың маусым айынан Қазақстан Орталық партия комитетінің және Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының шешімімен Гурьев мұғалімдер институтының директоры қызметінде екендігін жазады (Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА), 13-қор, 2л-тізім, 851-іс, 3 п, 3 артқы п.). Автобиографиясында өзі жазғандай өзбек, татар, неміс, орыс тілдерін меңгерген. Сонымен бірге жанұясымен Гурьев қаласындағы Алматы көшесі №9 үйде тұратындығын назарға береді (АОМА, 13-қор, 2л - тізім, 851-іс, 2 п.).

Гурьев облысы партия комитеті кадр бөлімінің меңгерушісі берген қорытындыда «Жолдас Тұрсынбаевтың автобиографиясымен танысып, тексерістен кейін, онымен облыстық партия комитеті тарапынан нұсқаушы Атшыбаев жеке қабылдап, кездес Институт директорлығына лайықты», - деп баға берген.

1940 жылдың 26 маусымдағы Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариаты тарапынан Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің кадр бөліміне Халық Ағарту Комиссарының орынбасары Жанақов қол қойған №17-3 қатынас қағазына назар аударсақ жаңадан құрылған Гурьев педагогикалық институтына Семей педагогикалық институтында оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен Ә.Тұрсынбаевты бекіту туралы айтылған: «Ол 1909 жылы туған, №2171206 есеп карточкасы бойынша партия мүшелігіне кандидат. 1 маусымға дейін Семей педагогикалық институтында қызмет етсе, жергілікті кеңестерге сайлауда округтік сайлау комиссиясының төрағасы жұмысын атқарды. Сонымен қатар институттан басқа Семей облысы партия комитеті ұйымдастыру бюросының штаттан тыс лекторы қызметінде болған. Жолдас Тұрсынбаевты Гурьев мұғалімдер институтына директорлыққа тағайындауды сұраймыз», - деп жазды. Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы Вол-

ков қол қойған мінездемеде «... Тұрсынбаев институт директоры болып тағайындалған қысқа мерзім уақытта, жаңа құрылған институт жұмысында өзінің жақсы ұйымдастырушы, жұмысқа қабілетті басшы екендігін көрсетті. Саяси сауатты, тәртіпті, бастамашыл, антипартиялық жіктерге қосылмайды, партия тарапынан сөгіс алмаған, сотты, тергеуде болмаған, саяси-қоғамдық өмірге белсене араласады. Директорлық қызметті атқара алады», - деп көрсетілген (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1-қор, 2-тізім, 3948-іс, 10 п.).

1940 жылдың 16 шілдесінде Қазақстан Орталық партия комитеті кадр бөлімінің меңгерушісі Василенко мен партия комитетінің нұсқаушысы Бошаев берген қорытынды бойынша «...Институтта жұмыс істеген тәжірибесі жеткілікті. Автобиографиясы ешқандай күмән туғызбайды. Семей педагогикалық институтында жұмыс жасаған уақытында Тұрсынбаев жолдас өзін қызмет сатысында өсетін, бастамашы қызметкер екендігін көрсетті. Жұмысты толық игере алады. Ғылым кандидат дәрежесін алу мақсатында диссертация қорғауға дайындалып жүр. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариаты Тұрсынбаев жолдасы жаңадан ұйымдастырылып жатқан Гурьев мұғалімдер институтына директор лауазымына бекітуді сұрайды», - делінеді. Ә.Б.Тұрсынбаев Қазақстан Орталық партия комитетіне шақырылып, онымен партия комитеті кадр бөлімінің меңгерушісі Василенко әңгімелескен. Білімі жоғары, басшылық қызметте тәжірибесі бар Әбді Бошанұлы осылайша Гурьев мұғалімдер институтына директорлық қызметке тағайындалады. Институт директорының институттың құрылу туралы Халық Ағарту Комиссариатына берген есебінде біріншіден, институтқа түлектерді қабылдау, екіншіден, оқу орнын кадр мамандармен қамтамасыз ету, үшіншіден, оқу ғимараттарымен қамтамасыз ету және жабдықтау, төртіншіден, оқытушылар мен студенттерді тұрғын үймен және жатақханамен қамтамасыз ету, бесіншіден, студенттерді тамақтандыру мәселелері, алтыншыдан, институтқа құрал-жабдықтар алу және қажетті әдебиеттер алу, жетіншіден, институт базасын отынмен қамтамасыз ету туралы жан-жақты мәліметтер берген. Сонымен бірге архив қорларында сабақтардың өтуі және сапалы өтуіне ерекше мән берілгендігі туралы мәліметтер де сақталған. 1941 жылдың 25 наурыз және 12 шілде күндеріндегі облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің сандарында институт дирекциясы тарапынан 1941–42 оқу жылына студенттер қабылдау жөніндегі хабарламалар жарияланды.

Қазақстан Республикасы Президенті архиві қорында сақталған Әбді Бошанұлының 1946 жылдың 5 қаңтар

бітіріп келген маманды Қазақ қыздар педагогикалық институтында «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушілігіне тағайындайды. Бір қызығы автобиографиясында 1939 жылы ВКП (б) қатарына кандидат болып тіркелгенін, бірақ 1941 жылдың наурыз айынан мүшелік жарнаны жеткілікті төлемегені үшін және өзара сынның қысымымен шығарылғандығын назарға береді. 1943 жылы Қызыл Армия қатарында жүргенде ВКП (б) мүшелігіне кандидатқа қабылданған. 1945 жылдың сәуірінде партия қатарына қабылданады. Туған-туысқандарынан ешкім қуғын-сүргінге түспегендігін жаза отырып, майдан даласында партия мүшесі ағасының ерлікпен қаза тапқандығын жазады (Қазақстан Республикасы Президенті архиві, 708-қор, 131-тізім, 373-іс, 22-23 п.п.). Соғыстан кейін «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін» медалымен марапатталды.

1948–54 жылдары Алматы заң институтының «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды. 1954 жылы үкіметтің қаулысымен аталған институт жабылады. Ал Ә.Б.Тұрсынбаев 1954 жылы докторантураға жіберілген.

1955 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі орынбасары Гаврилов берген анықтамада Ә.Тұрсынбаевтың қызметтік жылдарына тоқтала келіп, 1940–41 жылдары Гурьев мұғалімдер институтының директоры қызметінде болғандығы жазылған. Сонымен бірге Қазақ мемлекеттік университетінде «Марксизм-ленинизм» кафедрасы меңгерушілігі лауазымына вакансия екендігі назарға берілген. Бұл бос орынға Орталық комитеттің ғылым және мәдениет бөлімі мен С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректораты Ә.Тұрсынбаевтың кандидатурасын ұсынған. Ал 1955 жылдың 22 қыркүйегі күні Қазақстан КП Орталық комитеті хатшысы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушісі Ә.Б.Тұрсынбаевқа берген мінездемеде «...Жоғары мектепте Ә.Тұрсынбаев жолдас 1938 жылы Семей мұғалімдер институтында директор орынбасары, кейін Гурьев мұғалімдер институтында қызмет атқарды. Тұрсынбаев жолдас дәрістерді теориялық-идеялық тұрғыдан жоғары дәрежеде оқыды, кафедрада басшы ретінде де талапшыл, кафедра оқытушыларының кәсіптік білімдерін көтеруге көмектесіп отырады. Педагогикалық қызметімен бірге, ол үлкен ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми журналдарда 12 мақаласы жарияланған және Қазақстан тарихына қатысты жұмыстары да бар. Олардың ішінде «Қазақстанға шаруалардың қоныс аударуы тарихы», «Жетісудағы ауылшаруашылығындағы ұлы өзгерістер», «Қазақстандағы социалистік өзгерістердегі орыс халқының рөлі» т.б. Ол «Қазақ ССР тарихы» еңбегі авторларының бірі. КСРО Ғылым Академиясының докторантурасында болған жыл жарым уақытында докторлық диссертациясын жазып, қорғауға ұсынды», - дейді. Ә.Тұрсынбаевтың Қазақ мемлекеттік университетіндегі кафедра меңгерушісі қызметін атқара алатындығына да көңіл бөлген. 1956 жылдың 16 тамызы күні Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті хатшылығының №23 қаулысымен 4-жылдық Алматы партия мектебінің «СОКП тарихы» кафедрасының қосалқы доценті болып бекітілді. Бұл берілген анықтамаға Орталық комитет хатшысы И.Яковлев қол қойып, «өте құпия» белгісі соғылған (Қазақстан Республикасы Президенті архиві, 708-қор, 131-тізім, 373-іс, 51 п.). 1957 жылы «Қазақстанда колхоз құрылысының жеңуі» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. 1958 жылдан профессор. Мемлекет тарапынан ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін 1961 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Ал тура он жылдан кейін 1971 жылы «Октябрь революциясы» орденімен ұлықталды.

1972 жылғы 14 маусымда Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі Қазақстан КП Орталық комитетіне министр орынбасары С.Кенжебаев жіберген №Н-15-31 қатынас қағаз бойынша С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Гуманитарлық факультетінің «СОКП тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д. профессор Ә.Б.Тұрсынбаевты Қазақ мемлекеттік университетінде тарих ғылымдары дәрежесін беретін Кеңестің төрағалығына ұсынылып, КСРО Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі тарапынан 1971 жылдың 24 желтоқсанында бекіткені туралы мәлімдейді. 1967–1977 жылдар аралығында Қазақ КСР-і «Білім» қоғамы басқармасының төрағасы қызметтерін атқарды. Ұзақ жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі қызметінде, профессор лауазымында жұмыс жасады.

Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының тұңғыш директоры, Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, т.ғ.д., профессор Ә. Тұрсынбаев 90 жасқа қараған шағында 1999 жылы Алматы қаласында дүние салған.

Аққали АХМЕТ
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор



күнгі өз қолымен толтырған автобиографиясында «1940 жылдың жазында Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссарлар Кеңесінің шешімімен Гурьев мұғалімдер институтының директоры лауазымына тағайындалдым. Кейін институт жабылды», - деп жазды (Қазақстан Республикасы Президенті архиві, 708-қор, 131-тізім, 373-іс, 22 п.). Соғыс басталған соң институт жабылып, ғимараты кітапханасы мен дүние-мүлкі Гурьев педагогикалық училищесі баланына берілді (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 1692-қор, 452-тізім, 76 п.), ал студенттер Орал педагогикалық институтына ауыстырылып, қайбірі армия қатарына шақырылды (ҚР ОМА, 1692-қор, 502-тізім, 9 п.).

Ә.Тұрсынбаев 1941–42 жылдары Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссарлар Кеңесі жанындағы Жоғары оқу орындары басқармасы меңгерушісінің орынбасары қызметінде болды. Соғыстың қызып тұрған шағы 1942 жылдың қараша айында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түркіменстанның Керки қаласындағы әскери жаяу әскер училищесінің курсанты, офицерлер батальонының резервінде есепте тұрды (Қазақстан Республикасы Президенті архиві, 708-қор, 131-тізім, 373-іс, 64 п.). 1944 жылдың сәуір айында денсаулығына байланысты армия қатарынан босатылды. 1944–1945 жылдары Қазақстан Орталық партия комитеті жанындағы партия курсы директорының орынбасары қызметінде болды. 1945 жылдың мамыр-қазан айлары аралығында Москвадағы ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм негіздерін оқытатын және қайта даярлайтын мұғалімдер курсына оқиды. Бұл оқу курсы

**ДОСҚА СЫР**

Сен дегенде жөні бөлек көңілімнің,
Сына көрме, бұл – сынағы өміріңнің.
Өтіп кетер тезірек бұлты сәті,
Қатты жауған жаңбырдай бүгінгінің.

Түсінемін, шаршадың шыдай – шыдай,
Бірақ жаным, бәрі де келмес оңай.
Сен кінәлі емессің тағдырыңа,
Болашағың бәлкім енді болмас мұндай.

Сен ойласаң бәрі жақсы болады,
Бұл күндер де ертең артта қалады.
Өміріңе қызығатын жандар көп,
Қуан қайта, үстем болсын талабың.

Досым менің айтпасам да білесің,
Бұның бәрін санаңменен сезесің.
Сөз жетеді жүректерден жүрекке,
Бәлкім енді өз – өзіңе келерсің.

Бәрі-бәрі айтқан сөз бос әңгіме,
Ойын-күлкі, құмармыз саған неге?
Амал досың болғым менің келмейді,
Бөліп алдым жараңды сәл кішкене.

Перизат ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 2 курс студенті

**ЖАН ТОЛҚЫНЫСЫ**

Аман-саулық сұрағаның үшін,
Көңілді әңгіме құрағаның үшін.
Дос болар сәтте шынайылықпен,
Жақсы ниетпен мені сынағаның үшін
Ризамын саған!
Көңілімді күндей еткенің үшін,
Әр күнімді гүлдей еткенің үшін.
Жабырқап кейде зарыққан кезде,
Тыныштығымды түндей еткенің үшін
Сыйлаймын сені!
Жалғыздықта көміп кеткенің үшін,
Жүрегімді тіліп өткенің үшін.
Естеліктің бәрін санамнан сызып,
Өзіңмен алып кеткенің үшін.
Рақмет саған!

Жұлдыз АНУАРБЕКОВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 2 курс студенті

Сағыныштың орның қалай толтырамын,
Мұнайлы өлкем киелі атырабым.
Жалаң аяқ жүгірген жер төсіне,
Мың тағзым еттім дархан Атырауым!

Қазбаға бай, жер асты мұнайлы елкем,
Түнің де, күндің де қандай көркем?!
Шаң-тозаңың жел үрлеп жатса дағы,
Кекілімді тараған самал дер ем.

Сенен көрем жарқын нұрлы болашақты,
Бір өзіңнен бүкіл әлем сая тапты.
Байлығыңды жер жағанға паш етем деп,
Ұрпағың өркениеттің туын тақты.

Қасиетінен бас иген қатынасқан,
Бұл өлкем жаралған-ау заты бастан.
Осы жерде құралайдың көрігіндей,
Арулар бар көркінен ақылы асқан.

Осы өмірде даналар, көз көргендер,
Бабаларым ел қорғаған нағыз ерлер.
Сәресінде санаға құт енгізген,
Ата жолын қуған ұрпақ мына біздер.

Умирзаков Фархат Ерболұлы
Журналистика 1 курс студенті

**МЕНИҢ ӘКЕМ...**

Бізге қамқор, біз үшін ардақтысыз,
Әр сөзіңіз байыпты салмақтысыз.
Бар жақсыны әперген жиып теріп,
Әке, сіз біздер үшін ең мықтысыз.

Келте тон кигізбеген қорғаушымыз,
Кем-кетікті түзетер қолдаушымыз.
Кей жерде ағат кетіп қателессек,
Кешіріммен қараған жолбасшымыз.

Ешкімнің ала жібін аттатпаған,
Өзіңізді ешкімге даттатпаған.
Еркелетіп өсірген жаным – Әке!
Есіміңді ұлықтау мақсат маған.

Шыны керек туған күн, мейрамдарда,
Шабыт есік қағайды кей жандарға.
«Шың басындай Әкем» деп ән жазамын,
Шам-шырақ боп кеудеге жыр қонғанда.

Ізгілік пен сабыр бар жайсаң жүзді,
Ілтипатпен сыйлайды халық сізді.
Ақыл қосар ағам бар болғаннан соң,
Іскерлікке үйреткен әкем бізді.

Мендік қалам жыр тербер арманынан,
Мейілінше жұлдызым жанғанынан.
Менің Әкем жиі айтып отыратын,
«Мақтанба» деп әкең бар болғанына.

Міне солай «Әке!»- деп жыр жазбаппын,
Маған бір рет ескерту болғанынан.
Өзіңнің ақылғыңды ала жүріп,
Сіз айтқан қол жеткізем арманыма.

Аружан ҒАЗИЗОВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 2 курс студенті

**ӨМІР ӨЗІ ҚАЛЫПСЫЗ ҚҰБЫЛМАЛЫ**

Жан дүнием іштегі – қараңғылық.
Ар алдында тіземді барам бүгіп.
Олар менен жарық пен шуақ іздеп,
Сансыз ойлар маздатты санамды үгіп.

Сүйсінердей сірә жоқ қылық менде,
Өз мінезім өзімді тіліп күнде.
Бос саңдалып кетемін меңіреу боп,
Сезімім мен ақылым біріккенде.

Мейлі қалсын басымның бағы жанбай,
Жағынардай құлқым жоқ табынардай.
Онсыз маған дүние тар секілді,
Болады да тұрады мәні қалмай.

Жандар да аз тұратын мені іздесіп,
Достық – бақыт бағытқа негізгі есік.
Иланардай досым жоқ жанымда ылғи,
Дала кезіп кететін, теңіз кешіп.

Таза болсам мөп мөлдір тәрізді өлең,
Үмітімді жанашыр жан үзбеген.
Жоқ іздеген адаммын бұл қоғамда,
Жанды, жансыз нәрседен мән іздеген.

Өмір өзі қалыпсыз, құбылмалы,
Оған айтып өтермін сырымды әлі.
Шатақ мінез жоқ әлде тағдыр ма екен?
Көз алдымда боп жатқан мұнын бәрі...

ФАРИЗА АҚЫНҒА СЫР

Айналамды ер емес ез мекендеп,
Біреу мені күндейді озды екен деп.
Жабыққанда еске алам жұбанышым,
Апам қалай бәріне төзді екен? деп.

Сіз айтқандай бұл күнде бәрі ақылды,
Жарып жүрген кей жандар қара қылды
Қорлағысы келеді сезімімді,
Торлағысы келеді қанатымды.

Таза болсам деп едім мен өлеңдей,
Болмысымды тұрасыз елегендей.
Елесіңіз торықсам көз алдымда,
Маңдайымнан сипалап демегендей.

Етектің қалмай түк бағалары,
Қынжылтады мені осы одан әрі.
Көп ағам жүр ерлерге сөзі өтпейтін,
Нәзік жанға жеткенмен шамалары.

Бар мұңымды аластап, лақтырып,
Шыдап жеңем, күлемін жылап тұрып.
Өз жарамды жазамын өлеңменен,
Көтерілем қайтадан құлап тұрып.

Бәріне де көнеді адам көнсе,
Мойындатам мен әлі бағамды ерше.
Әттең бірақ жан апа төзімменен,
Сіздергі мықтылықты маған берсе...

Талпынысым бойдағы алмай тыным,
Енді ерлікті белгілі жалғайтыным.
Мойындатам мен апа тек сіз үшін,
Фаризалар мүлде осал болмайтының!

Фариза ЖЕТПІСБАЕВА,
«Көптілді білім беру»
факультетінің 4 курс студенті



Мамандық таңдау адам өміріндегі аса жауапты әрі маңызды қадамдардың бірі. Өйткені, біз осы мамандық саласына жарты ғұмырымызды арнаймыз. Әр адам мамандық таңдау сәтінде өз жүрегіне құлақ түріп, өзінің шынайы не қалайтынын ұққаны жөн.

Мен 11 сыныпқа қадам басқан сәттен

МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ АРМАНЫМ ФИЗИК БОЛУ

бастап осы мәселе жөнінде ұзақ ойлан-дым. Болашақта қандай маман иесі боламын? Менен қандай жауапты маман шығады? Осы мамандықты таңдаудағы қызығушылығым неде? – деген сан түрлі сұрақтар санамда жауапсыз жүретін. Ақыры ұзақ ойлана келе физика және математика бағытына бет бұрдым. Бұл шешімге тоқталуымның бірден-бір басты себебі, ата-анамның айтқан ақыл кеңестері еді. Мен үшін олардың әр сөзі маңызды. Әрине, осы салаға өзімнің де қызығушылығым және бейімділігім болуы шарт. Сөйтіп, менің өмірде таңдаған мамандығым физик-зерттеуші мамандығы болды. Оның өзі үлкен жауапкершілік пен батылдықты талап етеді. Сонымен қатар қазіргідей технологияның дамыған заманында бұл сала мемлекет пен қоғам үшін үлкен сұранысқа ие. Жалпы өмірде адам екі таңдаудан қателеспеу керек екен. Соның бірі мамандық таңдау.

Қазіргі уақытта мен Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 1 курс студентімін. Бұл жоғарғы оқу орнынан сан мыңдаған шәкірт қанаттанып білім алған. Әрі өзімнің сүйікті Атырауым маған өзге өңірден ыстық көрінеді. Әуелі Алланың қалауымен, екінші ата-анамның қолдауымен, үшінші мектеп мұғалімдерімнің арқасында мемлекеттік грант иегері атанып, білім алып жатырмын. Бұл мен үшін басты жетістік әрі үлкен мақтаныш.

Олай болса, әрқашан өз қалауыңыздан бас тартпауымыз қажет. Әр мамандықтың өзіндік қиындығы мен жеңілдігі қатар жүреді. Ең бастысы, ол мамандықтың жалақысы немесе сұранысқа ие болуында емес, сол мамандықты сіздің сүйіп тайдай білуіңізде.

Мадина САЙЫН,
Физик-зерттеуші мамандығының
1 курс студенті



ӨМІРІМНІҢ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕРІ...

Адамның ең ұмытылмас кезеңдерінің бірі – студенттік шақ. Айналада жаңа орта, достар жиналатын мезгіл. Сондықтан, сол кезеңді барынша мағыналы етіп өткізген дұрыс. Бірнеше жылдан кейін «студенттік өмірім» қызыққа толы болды деп айттып отырудың жөні бөлек қой, шіркін!

2018 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне Журналистика кафедрасының 1 курс студенті болып қабылданған болатынмын. Мамандығым бойынша болашақта жұмысқа орналасып, үздік маман атансам деген ой мені үнемі үлкен мақсаттарға жетеледі. Бір орында тоқтап қалмай, алға жылжып, білім нәрімен сусындауды басты талап етіп қойдым. Ол шешіміме еш өкінбеймін.

Кафедраның оқытушылары алғашқы күннен бастап студенттердің өзін-өзі дамытып, тұлға болып қалыптасуына ықпал етті. Иә, рас. Әрдайым дәрістер мен шеберлік сағаттарды пайдалы ақпараттармен бірге тоғыстырып, күн сайынғы тәжірибелік жұмыстардың мәнін түсіндіріп, тек қолдау көрсетіп жүретін жанашыр жандарға алғысым зор.

Студенттік өмірде достар да үлкен рөл атқарады. Оларсыз бір күн қызық өтпейді. Аудиториялардағы дәрістер мен семинарларда бірге отырып, өтілген материалдарды қайталап оқып, тәжірибе бөлісудің маңызы зор. Содан соң кітапханаға барып, ертеңгі күнгі семинарларға дайындалу тағы бар. Мұның барлығы да мәңгі жадында сақталатын естеліктер. Маған студенттік ғұмырымның әр күні қымбат.

Биыл 4 курсқа көштім. Тәж-тажал тарқамаса да, барлық санитарлық талаптарды сақтай отыра, дәстүрлі оқу форматымен қайта қауыштық. Бұл жаңалыққа қуанғанымды жасырмаймын. Университет қабырғасында жүріп, группаластармен араласып жүргенге не жетсін!

Кей кездері кенеттен пайда болған бұл ауру бір-біріміздің қадірімізді түсінуге жетеледі деп ойлаймын. Группаластарымызбен әңгімелесудің өзі бір бақыт екенін ұғындырса керек. Бұл өмірде ештеңе бекер болмайды. Бәрінің өз себебі бар. Ал біз қолымыздан келгенше, денсаулығымызды нығайтып, жақындарымызға жанашыр болайық!

Қасиет БАХКЕРЕЙҚЫЗЫ,
Журналистика мамандығының
4 курс студенті

ӨЗ ТАҢДАУЫМДЫ ЖАСАДЫМ

Мен, Өміржан Илиясов, Қандыағаш қаласындағы N4 жалпы білім беретін орта мектебінің 2021 жылғы түлегі, Алтын белгі иегерімін.

Мектеп қабырғасында оқып жүргенде математика пәні бойынша шараларға, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Осы жетістіктердің арқасында математика ғылымына деген қызығушылығым артты. Пән мұғалімдерінің ықпалымен математика пәнін жақсы меңгердім. Сондықтан болашақ мамандығымды педагогикамен байланыстыратындығыма шешім қабылдадым.

Мектептегі оқу процесін, мұғалімдердің сабақ жүргізгенін бақылап, педагогика саласына қызығушылығым оянды. Жылдан-жылға мектеп қабырғасында түрлі олимпиадаларға қатысып, сол бағытқа деген қызығушылығым артты.

Бала кезімнен математика пәнін ерекше жақсы көрдім. Яғни, қызығушылығым мақсатыма айналды. Осы мақсатымды іске асыру үшін көп еңбектендім. Тестілеуге дайындалып, білімімді арттырдым.

Ұлттық бірыңғай тестілеуді сәтті тапсырып, Атырау қаласындағы Халел Досмұхамедов атындағы университеттің физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің Математика пәні мұғалімі білім бағдарламасының 1-курс студенті атандым. Оған қоса арнайы сынақтардан өтіп, жас мұғалімдерді қолдауға арналған жобаға өттім. Бұл жоба болашақта менің кәсіби біліктілігімнің өсуіне әсерін тигізетіндігіне сенімдімін. Еңбегім мен талпынысымның, мұғалімдерімнің берген білімдерінің арқасында қойылған болашағымға анық әрі нық қадам бастым.



Өміржан ИЛИЯСОВ,
«Математика пәні мұғалімі»
мамандығының 1 курс студенті

БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА!



Мен Х.Ергалиев ауылы Ғ.Мәсәлімов атындағы жалпы орта мектебінің түлегімін. Ағымдағы оқу жылында Атырау облысы әкімінің грантына ие болдым.

Менің ұстаз болсам деген арманым грант иегері атанған сәттен күшейе түскен секілді. Өзім бала кезден спортпен айналысқанды ұнатамын. Қазақша күрес секцияларында жаттығып, аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатыстым. Ақтау, Алматы қалаларында болған жарыстарда жүлделі орындарға ие болдым. Осы аз ғана тәжірибелерім мені шыңдады, бйікке көтерді.

Ендігі қойылған мақсат – алдағы студенттік төрт жылда бар күш-жігерімді салып мамандығымды игеру.

Болашақта ауыл мектебінің балаларын спорттың түр-түрін еркін меңгеруіне көмектесіп, салауатты өмір салтын қалыптастыруына өз үлесімді қосамын деп ойлаймын. Жарқын болашақ білімді, талапты жастардың қолында! Мен де өз елімнің өркендеу жолында дамуына аянбай еңбектенемін.

Рысбек РАМАЗАНОВ,
«Дене шынықтыру және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы» мамандығының 1 курс студенті

АРМАНЫМ ОРЫНДАЛДЫ

Біздің әрбіріміз қандайда бір мамандық алып шығу үшін, оған бағыт іздеуіміз керек. Ол бағыт бағдарды беретін де ұстазың мен әке-анаң.

Міне, мен үшін биыл өте ерекше жыл саналды. Өмірімде алғаш рет студент атанып, қуанышым қойныма сыймады. Өйткені, биыл мен Атырау университетіндегі қолданбалы математикалық модельдеу мамандығын таңдап өз жүрегімнің қалауы бойынша оқуға түстім. Бұл мамандықтың бір ерекшелігі математика ғылымын аса терең зерттеу деп түсінемін. Онда әр жас ойлау қабілетін, сабырлықты, логикалық ойлауды жақсы дамытады. Көптеген компьютерлік модельдердің өзі де математикалық бағытта зерттеп, тұжырым жасауды үйретеді. Ертеңгі күні осы өзім болашақ студенттерге математика пәнінен сабақ беруге немесе ірі компанияларда инженер қызметін атқаруға мүмкіндік аламын. «Қазақстанның болашағы жастардың қолында» дегендей алдағы уақытта осы мамандықты иеленіп, еліміздің гүлденуіне өз күшімді салуға жұмыстанатын боламын.

Махамбет САҒЫНДЫҚОВ,
Қолданбалы математикалық модельдеу мамандығының 1 курс студенті



ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫН ТОЛЫҚТЫРАМЫН



Мен, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Инновациялық білім беру факультетінің Дене шынықтыру пәнінің және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы мамандығы бойынша бірінші курс студентімін.

Мемлекетіміздің қамқорлығына шексіз ризашылығымды білдіремін. Грант иегері атану мен үшін ең үлкен жетістік болды. Ендігі мақсатым – сабағымды жақсы оқып, болашақ мамандығымның қыр – сырын жан – жақты меңгеру, ата – анамның сенімін ақтау.

Бала кезімнен дене шынықтыру сабағы ұнайтын. Волейбол,

футбол, теннис үйірмелеріне, жарыстарына қатыстым. Спортпен айналысу мені шыдамдылыққа, төзімділікке үйретті. Осы қызығушылығым мені спорт саласына бағыттады. Болашақта үздік спортшыларды дайындау шебері атанарыма сенемін.

Университетіміздің барша ұстаздары мен студенттерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Еңбектеріңізге толағай табыстар тілеймін.

Назерке МӘДЕНИЕТОВА,
Дене шынықтыру мамандығының 1 курс студенті

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #0945 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана